

Хаттама № 1

01.08.2023 жыл

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің құрамы, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 оқу жылының жетістіктері мен 2023-2024оқу жылындағы өзгерістер туралы. *(Хабарламашы: А.Алибекова мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары)*
2. Мектеп ғимаратындағы санитарлық талаптардың сақталуы және бала еңбегін қанаудың,оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен кылмыстың алдын алу туралы. *(Хабарламашы: Б.Тұрлыбеков мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)*
3. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Алибекова шығып, 2023-2024 оқу жылының қорытындыларына тоқталып өтті. Үлкен оқу жылындағы пандемия кезінде оқушылардың қашықтықтан білім алуы кезіндегі қиындықтарға,оқушылардың білім деңгейіне тигізген әсерлеріне тоқтала келе қиын кездерге қарамастан онлайн өткізілген түрлі білім сайыстарына оқушыларымыз қатысып,жүлделі орындарды иеленгеніне тоқталдық.


2023-2024 оқу жылындағы ҚР Білім және ғылым министірлігі тарапынан әзірленген нұсқаулықтармен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістерге тоқталды.

Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Тұрлыбеков сөзге шығып,жаңа оқу жылында, жалпы күнделікті оқу барысында мектепте сәтсіз отбасы 31,аз қамтамасыз етілген отбасы 20 жартылай жетім 31, көп балалы отбасы 163 отбасынан шыққан оқушы бар екендігін мәлімдеді.

Бала еңбегін қанаудың негізгі түрі оқушыларды сабақтан алып қалып жалдамалы жұмысқа жіберетін ата-аналардың көп екендігін, жалдамалы жұмысқа егіс алқаптарына, елді мекеннен тыс ауылдарға барып жұмыс жасауы оқушы өміріне, тәрбиесіне кері әсерін тигізетіндіген ескерте келе, мектепте құрылған мобильдік топ мүшелері егіс алқаптарын, автокөлік жуу бекеттерін, базарлар мен дүкендерді күндізгі, түнгі уақыттарда рейд жасайтындығын және рейд барысында көптеген оқушылардың кездесетіндігін айтып өтті.

Қаулы етеді:

Шешім: Қаралған мәселелер бойынша жұмысты жандандыру.

Кеңес төрайымы:  Ұ.Рүстемова

Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»кмм

Хаттама № 2

01.09.2023 жыл

Қатысқандар: «Қамқоршылық кеңес»кұрамы, мектеп әкімшілігі.

Күн тәртібінде :

1. Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік-психологиялық, диагностикалық жұмыстары *(Хабарламашы: Мектеп әлеуметтік педагог- С.Салимбаев)*
2. Мектеп ғимаратындағы санитарлық талаптардың сақталуы және бала еңбегін қанаудың,оқушылар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу туралы. *(Хабарламашы: Б.Тұрлыбеков мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары)*
3. «Аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылардың ата-аналарын психологиялық қолдау» туралы. *(Хабарламашы: Ф.Еспулганова мектеп педагог-психологы)*
4. Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:

1. Мектеп әлеуметтік педагог- С.Салимбаев жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларға бақылау жасап, әлеуметтік педагогикалық жұмыстар жүргізді. Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік-психологиялық, диагностикалық жұмыстарын атқарғаны жөнінде есебін беріп айтып өтті. Ұ.Рүстемова мектебімізде жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, тұрмысы төмен отбасынан шыққан балаларға демеушілер тарапынан 7 оқушыға мектеп формасын қамтамасыз еткенін айтты.

2. Екінші күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Тұрлыбеков сөзге шығып,жаңа оқу жылында, жалпы күнделікті оқу барысында мектепте, сыныптарда санитарлық талаптарды сақтауға қажетті заттармен демеушілер есебінен толықтырылғандығын атап өтті.Бала еңбегін қанаудың негізгі түрі оқушыларды сабақтан алып қалып жалдамалы жұмысқа жіберетін ата-аналардың көп екендігін, жалдамалы жұмысқа егіс алқаптарына, елді мекеннен тыс ауылдарға барып жұмыс жасауы оқушы өміріне, тәрбиесіне кері әсерін тигізетіндіген ескерте келе,

мектепте құрылған мобильдік топ мүшелері егіс алқаптарын, автокөлік жуу бекеттерін, базарлар мен дүкендерді күндізгі, түнгі уақыттарда рейд жасайтындығын және рейд барысында көптеген оқушылардың кездесетіндігін айтып өтті.

Қамқоршылық кеңесі мүшелері және ата-аналар комитеті бірігіп өзара кезекпен түсіндіру жұмыстарын жүргізуге келісті.

Шешім: Қаралған мәселелер бойынша жұмысты жандандыру.

Кеңес төрайымы:  Ұ.Рүстемова

Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы білім білім беретін мектеп»кмм

Хаттама №2

05.12.2022жыл

Қатысқандар: «Қамқоршылық кеңес»мүшелері.

Күн тәртібінде :

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»кмм

1.Оқушылардың Ыстық тамақпен қамтылуы.

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы орта білім білім беретін мектебінің Әлеуметтік педагог биыл аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінен 35 оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтылатынын атап өтті,біз ауданның тапсырмасына сай осы жылы АӘК аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім баларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге сұраныс берген болатынбыз. Осы сұраныс негізінде атап айтқан 35 баланы ыстық тамақпен қамтамасыз етуге ақша бөлінген.

1.Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ұ.Рүстемова әлеуметтік педагог берген статуска ие отбасылар тізімін қарап шығып,тізімге 35 оқушы жартылай жетім екендігін оқып таныстырды.АӘК алатындарға бөлек қаржы бөлінетінін ескере,АӘК (АСП) алатын оқушылар орнына АӘК алмасада,аз қамтамасыз етілген,жартылай жетім,көп балалы отбасы балаларын қосуды ұсынды.

Шешім:Қамқоршылық кеңесі тарапынан ұсынылған 261 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Кеңес төрайымы  Ұ.Рүстемова

Хатшы:  А.Тоғысбай

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы білім білім беретін мектеп»кмм

Хаттама № 3

01.01.2024жыл

Қатысқандар: «Қамқоршылық кеңес»мүшелері.

Күн тәртібінде :

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектеп»кмм

1.Оқушылардың Ыстық тамақпен қамтылуы.

«№3 Молдағұлова атындағы жалпы орта білім білім беретін мектебінің Әлеуметтік педагог биыл Келес ауданы бөлімінен 1-4 5-11 сынып 261 оқушыны тегін ыстық тамақпен қамтылатынын атап өтті,біз ауданның тапсырмасына сай осы жылы АӘК аз қамтамасыз етілген отбасы балаларын, жартылай жетім баларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуге сұраныс берген болатынбыз. Осы сұраныс негізінде атап айтқан 261 баланы ыстық тамақпен қамтамасыз етуге ақша бөлінген.

1.Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ұ.Рүстемова әлеуметтік педагог берген статуска ие отбасылар тізімін қарап шығып,тізімге 261 оқушы жартылай жетім екендігін оқып таныстырды.АӘК алатындарға бөлек қаржы бөлінетінін ескере,АӘК (АСП) алатын оқушылар орнына АӘК алмасада,аз қамтамасыз етілген,жартылай жетім,көп балалы отбасы балаларын қосуды ұсынды.

Шешім:Қамқоршылық кеңесі тарапынан ұсынылған 261 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілсін.

Кеңес төрайымы:

 Ұ.Рүстемова

Хатшы:

 А.Тоғысбай